

# БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ 2017 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ 2018 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

## I. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құжаттар.

Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес институционалдық және заңнамалық деңгейде қалыптасқан балалардың құқықтарын қорғау саласында мықты заңнама құрылды.

Жыл сайын балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған нормативтік құқықтық актілер әзірленеді.

Сонымен, 2017 жылы 12 НҚА әзірленіп, қабылданды (2016 ж.-28).

## II. Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды іске асыру.

Комитетте ҚР БҒМ 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспардың 2 индикаторы бекітілген.

1 Индикатор. «Балалардың өз құқықтары мен міндеттері туралы хабардарлық деңгейі» жоспар бойынша 2017 жылы -72%, факт-73,9% (2016ж.-68%).

2 Индикатор. «Жыл сайынғы, қазақстандық азаматтардың отбасыларына берілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйым тәрбиеленушілерінің үлесі» жоспар бойынша 2017 ж. - **19%**, факт-21,6% (2016ж. -15%, факт - 21%, жоспар – 1076, факт - 1726).

**2016-2019 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезіндегі 3 іс-шара:**

тамақтандыруды ұйымдастыруды мониторингілеу, оқушылардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру;

жалпы спорт түрлерімен айналысу үшін жеңілдіктер ұсыну;

тұрмысы төмен және көп балалы отбасы балаларының, жетім балалардың, девианттық мінез-құлықты балалардың мәдениет және спорт ұйымдарына баруы.

### **Заңнамалардың сақталуына бақылау жасау**

Республиканың 11 өңірінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын сақтау, балалардың мектепке баруы, мектептік тамақтандыру және тасымал мәселелері бойынша **146** білім беру органдары мен ұйымдарының қызметіне тексеру жүргізілді: (жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын сақтау мәселелері бойынша 128 ұйымда Астана қаласында (4), Алматы қаласында (8), Қызылорда (9), Атырау (8), Ақтөбе (8), Маңғыстау (10), Батыс Қазақстан (16), Солтүстік

Қазақстан (15), Алматы (24), Павлодар (14), Жамбыл (11) облыстарында тексеріс жүргізілді;

балалардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуді, жалпы білім беретін мекемелерде тамақтандыруды және тасымалды ұйымдастыру, оқушылардың мектепке баруын қамтамасыз етуді бақылау мәселелері бойынша 18 білім беру ұйымында Астана (1), Маңғыстау (10), Павлодар (4) облыстары, Теміртау қ. (1), Қызылорда (1), Щучинск қ. (1) тексеріс жүргізілді.

Олардың ішінде 140 таңдаулы тексерістер ҚР БҒМ 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарға сәйкес өткізілді, 6 тексеріс жоспардан тыс азаматтардың өтініштері бойынша.

### **Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының қызметтерін үйлестіру**

Республикада 20 кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы жұмыс жасайды. 2017 жылдың қорытындысы бойынша кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына **7 539** кәмелетке толмаған бала орналастырылды.

Оның ішінде **937 (12,4%)** - ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, **6 306 (83,6%)** - бақылаусыз және қадағалаусыз қалғандар, **207 (2,7%)** - девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы ұйымдарға жіберілгендер, **89 (1,1%)** - өмірдің қиын жағдайына тап болған кәмелетке толмағандар.

Келіп түскен кәмелетке толмағандардың санынан **7 231** бала: олардың ішінде **6 274** кәмелетке толмаған бала отбасыға орналастырылды, **578** - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарға жіберілді, **124** - бала қамқоршылыққа берілді, **21** - бала патронаттық тәрбиеге берілді, **132** - бала арнайы мектептерге жіберілді, **41** - бала басқа облыстардағы бейімдеу орталықтары үлгісіндегі ұйымдарға жіберілді, **13** - бала басқа елдердегі бейімдеу орталықтары үлгісіндегі ұйымдарға жіберілді және **48** - бала қонақ отбасыларға берілді.

Бейімдеу орталықтарының жанында отбасыларды қолдау қызметтері жұмыс жасайды, аталған қызметтер бейімдеу орталықтарының тәрбиеленушілеріне консультациялық, психологиялық, анықтамалық-ақпараттық, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған.

Отбасыларды қолдау қызметі жұмыстарын талдау 2017 жылдың 12 ай жағдайында **140** ата-анаға және **152** кәмелетке толмағандарға құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсеткенін, 162 ата-ана мен 204 балаға кеңестер бергенін көрсетті. **53** отбасы, **43** оқу орны және **37** жетім балаларға арналған ұйымдар тексерілді.

### **III. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы ведомствоаралық ынтымақтастық**

«Балаға мейірімді қала» БҰҰ (ЮНИСЕФ) балалар қорымен бірлескен жобаларды іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде;

Өңірлерде балалар үйінің тәрбиеленушілерін табысты әлеуметтік бейімдеуге бағытталған «Өмір мен мансапты жоспарлау» жобасы іске асырылуда;

Халықаралық ұйымдардың өкілдерімен 5 кездесу өткізілді;

Адам құқықтары жөнінде халықаралық шарттар мен халықаралық гуманитарлық құқықтары бойынша ведомствоаралық комиссияның 2 отырысына қатысты;

«Балаға мейірімді Қазақстан» халықаралық конференцияға қатысты;

Жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік органдардың өкілдерімен видео конференция байланысы режимінде ҚР Үкіметі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2 отырысы болды (20, 21 отырыс);

### **13 іс-сапар:**

ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның жұмыс кеңесі (Алматы қаласы, 28 сәуір);

Алматы қаласы Білім басқармасына девиантты мінез құлықты балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарына бару (Алматы қ., 16 мамыр);

«Девиантты мінез құлықты балаларға арналған Қызылорда облыстық интернаты» ҚММ және Қызылорда облысы Білім басқармасы «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» ММ, «Девиантты мінез құлықты балаларға арналған арнайы облыстық мектеп-интернаты» ҚММ, Маңғыстау облысы Білім басқармасы «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» ММ (14, 15, 22, 23 маусым, Қызылорда, Маңғыстау облыстары);

Азаптаудан босату құқығының сақталуы, сондай-ақ ұлттық превентивті механизмді іске қосуға қатысты заңнамаларды алдағы уақытта жетілдіру бойынша ұлттық превентивті механизмнің ұлттық кеңесімен кездесуді кеңейту мәселелері бойынша конференция (Алматы қ., 16 маусым);

Қарағанды облысы Білім басқармасы «Девиантты мінез құлықты балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты» (Қарағанды облысы, 20 маусым);

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу және Қазақстандағы балаларға арналған жабылған ұйымдарды алдағы уақытта қайта құру мәселелері бойынша ұлттық кеңес (Қарағанды қаласы, 21-22 маусым);

«ВИЧ ауруларын, нашақорлыққа құмарлықты емдеу, алдын алу және қайта қалпына келтіру» тақырыптарында семинар (Алматы қаласы, 28-30 маусым);

«Девиантты мінез құлықты балаларға арналған Қызылорда облыстық интернаты» ҚММ-на бару (Қызылорда облысы, 31 маусымнан 4 тамызға дейін);

ҚР-да кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу бойынша Қызылорда облысының тәжірибесінен нәтиже шығару семинары (Қызылорда облысы, ЮНИСЕФ ұйымдастырушысы);

Оңтүстік Қазақстан облысы Білім басқармасы «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» ММ, «Оңтүстік Қазақстан облысы девиантты мінез құлықты балаларға арналған мектеп-интернаты» ҚММ бару (Шымкент қ., 23 қараша);

#### **IV. Әлеуметтік маңызды іс-шаралар:**

Ведомствоаралық ынтымақтастық шеңберінде, сондай-ақ ҚР БҒМ және БҚК 2017 жылға арналған жоспарын орындау шеңберінде балалардың құқықтарын қорғау саласында 200-ден астам әлеуметтік маңызды іс-шаралар өтті (2016 жылы-100):

##### **1) республикалық қайырымдылық акциялары:**

**«Қамқорлық».** «Қамқорлық» акциясы шеңберінде әлеуметтік көмекке мұқтаж 180 мың 952 аз қамтылған, көп балалы және қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа да санаттағы балаларға 824 млн. 119 мың теңгеге жуық әлеуметтік көмек берілді, оның ішінде 160 мың бала 421 млн. 122 мың теңгеге жуық сомада демеушілік көмекпен қамтылды (10 қаңтар 10 ақпан);

**«Мектепке жол».** 316 мыңнан астам бала аталған акциямен қамтылды, 2 млрд. 756 мың теңгеге жуық сомада көмек берілді. (2016ж. - 2 млрд. 468 млн. теңгеге жуық жалпы сомада 321 мың балаға материалдық көмек берілді (1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін).

**2) «Қазақстан – мейірімділік мекені» - республикалық балалар бастауы (24 қаңтар);**

**3) «Өзін-өзі тану: сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» республикалық онкүндігі (2-нен 13 ақпан);**

**4) «Скажи жизни - ДА!» республикалық ақпараттық компаниясы (10 ақпаннан 10 наурыз);**

**5) «21 ғасырдың балалары: біздің құқықтарымыз бен мүмкіндіктеріміз» атты Ақмола облысында балалар мен жастар қоғамдық ұйымының VII саммиті (11-14 мамыр);**

**6) «Жәбірлеудің алдын алу, қазақстандық және халықаралық тәжірибе» превентивті тетіктің ұлттық форумы (16-17 мамыр);**

**7) Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Нұрлы болашақ» республикалық акциясы (20 мамыр-15 маусым);**

**8) балаларды қорғау күніне арналған 100 балаға арналған қайырымдылық іс-шаралар (1 маусым);**

9) ҚР Үкіметі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 20-шы отырысы (12 шілде);

10) «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрменің шеңберінде «балалар бастауы-2017» балалар әлеуметтік бастамасы (26 шілде);

11) «Қаланы жоспарлауға балалардың қатысуы» халықаралық семинары (17 тамыз);

12) 2017 жылғы ҚР педагогтардың республикалық тамыз кеңесі (22 тамыз);

13) «Отбасы – Бақыт мекені» отбасы апталығы республикалық семинары (5 қыркүйектен 14 қыркүйек);

14) «Под счастливой звездой» жас талантты бүлдіршіндердің медиа-фестивалінің шығармашылық ашылу салтанаты (29 наурыз).

**15) төмендегі мәселелер бойынша 39 отырыс:**

«SOS Қазақстандағы балалар үйі» корпоративтік қорына ықпал ету мәселесі бойынша селекторлық кеңес (24 қаңтар);

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша білім беру ұйымдары мен органдары басшыларына арналған республикалық ведомствоаралық отырыс (6 сәуір);

2015-2019 жылдарға арналған азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакты жөнінде Қазақстанның екінші мерзімдік баяндамасына БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитеттің және адам құқықтары жөніндегі әмбебап мерзімдік шолу шеңберінде БҰҰ мемлекеттік мүшелердің ұсынымдарын іске асыру бойынша ҚР Үкіметінің іс-шараларын талқылау (18 сәуір);

Мемлекеттік қызметті автоматтандыру, үкіметтік электрондық портал арқылы (18 сәуір, 3, 31 мамыр, 4, 18, 27 шілде, 3 тамыз);

Тамақтандыруды ұйымдастыру ережелерінің нормаларын түсіндіру және Қызылорда облысының білім беру органдарының қызметкерлері үшін өтініштерді қарастыру, аталған өңірге бару арқылы (21-22 сәуір);

«Балаға мейірімді Қазақстан» (27 сәуір);

Қарауында кәмелетке толмаған балалар бар отбасыларға ипотекалық қарыз беру проблемасы (28 сәуір);

АҚ «Тұрғын-үй құрылыс жинақтау банкі» жүйесі арқылы жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету (3 мамыр);

ҚР-да асырап алу бойынша аккредиттеу агенттігі (10-12 мамыр);

«Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы өзекті мәселелер» (18-19 мамыр);

Қадағалау бақылау функцияларын азайту (31 мамыр БП бағыты бойынша);

Заңмен шиеленіске түскен тұлғаларға әлеуметтік көмек көрсетудің аумағын құру. Балалар мен әйелдерді: қоғамнан аластатусыз сотталғандарды әлеуметсіздендіру мәселелері (19,24 шілде, 1 тамыз);

Орталық Азияда анашаның таратудың алдын алу бағдарламасы (24 тамыз);

«Қазақстан Республикасындағы халықаралық міндеттемелерді тиімді іске асырудың ұлттық құқық қорғау тетігін жетілдіру: екінші этап» жобасы бойынша келісімді іске асыру шеңберіндегі жұмыс тобының сараптамалық отырысы (5 шілде);

Маңғыстау облысында «Бала және заң» грантын іске асыру шеңберінде жиналысы (4-6 тамыз);

Қызылорда қаласында PRI бағдарламасы (11-13 тамыз);

Оқушылардың құқықтық мәдениетін қамтамасыз ету бойынша «Сандж» зерттеу орталығының әлеуметтік зерттеу қорытындыларын талдау (8 қыркүйек).

### **16) төмендегі мәселелер бойынша 52 отырыс өткізілді:**

Бәсекелестік ортаға және өзін-өзі басқару ұйымдарына беруге ұсынылған мемлекеттік органдардың қызметтерін инвентаризациялау (21 қаңтар, 31 наурыз, айына 2 отырыс);

Видеоконференция режиміндегі қамқоршылық кеңесі (10 наурыз);

Мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау қызметтері бойынша (6 сәуір, 28 сәуір);

Мемлекет басшысының соңғы тапсырмаларында көрсетілген мақсаттарға жету үшін балалар мен жастар арасында өткізілетін іс-шараларды талқылау бойынша (17 сәуір);

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының бастамасымен «Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды іске асыратын ұйымдардың қызметтері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасын талқылау (28 сәуір, 5,10,16 мамыр);

«Балаларды олардың денсаулығы мен дамуына зиянын тигізетін ақпараттардан қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы жобасын талқылау (16 мамыр);

Балалардың жазғы демалысқа дайындығын талқылау (22, 23, 24 мамыр);

«Балаларға зорлық-зомбылық көрсетудің барлық түрінен қорғау бойынша шаралар» (24 мамыр);

«Әлеуметтік бонд» қағидалар бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру мүмкіндіктерін пысықтау (1 маусым);

Мемлекеттік стандарттардың реинженернигі (4, 10 тамыз);

Ақтау және Өскемен қалаларында балалардың статистика бойынша ЮНИСЕФ ұсынымдарын орындау (23-29 тамыз);

ҚР ЕХӘҚ министрлігінде еңбек мәселесіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу (24 тамыз);

Медициналық сақтандыру (25 тамыз);

«Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтері мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (12 қыркүйек);

2016-2018 жж. демалыс уақыттарында балалар туризмі, балалардың сауықтыру демалысы мен жұмыспен қамтылуын дамытудың жол картасын іске асыру (15 қыркүйек);

«Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын талқылау (5 қазан);

«Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтері мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын Қазақстан Республикасы Мәжілісінде талқылау (13 қазан);

«Қазақстан-2021: Бірлік. Тұрақтылық. Құру.» видео конференция байланыс режимінде «Нұр Отан» партиясының сайлау алды бағдарламасы (26 қазан);

«Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын ҚР Парламенті Мәжілісі сот реформасы мен заңнамасында талқылау (30 қазан);

«Кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасын талқылау (31 қазан);

«Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру бойынша ведомствоаралық комиссияға дайындық (2 қараша);

Оқытудың жаңа технологиялары пайдалану арқылы талқыланған білім алу (2 қараша);

Тізімге жасырын қызметтерді енгізу (10 қараша);

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары басшыларының республикалық кеңесі (21 қараша);

«Балаға мейірімді Қазақстан» халықаралық конференциясын өткізу шеңберінде диалогтық алаңның 13 отырысы (21 қараша);

Ақпараттық қауіпсіздік (22 қараша);

Бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға мемлекеттік органдардың қызметтерін беру (23 қараша);

ҚР БП-да адам құқықтары жөнінде ЕС-Қазақстан диалогы (29 қараша).

### **17) 13 ақпараттық кездесулер:**

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшелерімен, комитеттің басшысы Б.Әйтимованың басшылығымен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша отырыс (27 қаңтар);

«Фресно» халықаралық консалтингтік ұйым сарапшыларымен отырыс (15 ақпан);

Ақтөбе облысында ҚР Президентінің жолдауын іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары шеңберінде жиналыс (17 ақпан);

Атырау облысында ҚР Президентінің жолдауын іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары шеңберінде жиналыс (22 ақпан);

Оқушылардың құқықтық мәдениетін қамтамасыз ету бойынша «Сандж» зерттеу орталығының әлеуметтік зерттеулерінің қорытындыларын талқылау бойынша презентация (8 қыркүйек);

«Жаңғырту саясатына шолу» жобасының презентациясы (10 шілде);

Тәуелсіздік алған жылдардан бері ҚР-да білім жүйесін дамыту және оның жағдайы туралы ұлттық баяндаманың презентациясы (27 шілде)

#### **18) 4 тренинг:**

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ грантының шеңберінде «Балалар мен білім, бос уақыт және мәдени іс-шаралар» (28 маусым);

ҚР балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің талдамалық топтарына арналған оқыту тренингі (14, 18 тамыз);

ҚР-да мемлекеттік ұйымдардың өкілдеріне арналған қауіпсіздік мәселелері мен діни-сенімдерге еркіндік жөнінде тренерлерді дайындау (5-8 қыркүйек).

#### **19) 18 теледидарлық бағдарламаларға қатысты:**

«Астана» телеарнасында «Кеш емес» бағдарламасында балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша (20, 24 қаңтар);

«Қазақстан» телеарнасында «Әйел бақыты» ток-шоуында балаларға білім беруде тәрбие беру әдісін қолдану мәселесі бойынша (2 ақпан);

«Астана» телеарнасының «Открытая студия» бағдарламасында балалардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша (28 наурыз);

«Астана» телеарнасында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың республикалық банк мәліметтерін құру бойынша (29 наурыз);

«Еуразия» телеарнасында «Пендеміз ғой» (25 сәуір);

«Давай говорить» ток-шоуында балалардың қауіпсіздік мәселелері бойынша (4 мамыр);

«Қазақстан», «Хабар», «Еуразия» телеарнасында балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сұхбат (12, 29, 30 мамыр);

Балалар лагерінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша Алматы теле арнасында Телебашня және Шарайна (4 шілде);

Астана теле арнасында ерте жүктіліктің алдын алу мәселесі бойынша ток шоу (12 шілде);



«Евразия + ОРТ» «Заң сөйлесін» телеарнасында бала асырап алу мәселелері бойынша (21 шілде);

«Білім» телеарнасында каникул уақытында балалардың жазғы демалысыны ұйымдастыру мәселелері бойынша (8 тамыз);

«Евразия+ОРТ» телеарнасында Алматы қаласының №1, 2 балалар үйі мәселелері бойынша (14 тамыз);

«Хабар» телеарнасында «Давайте говорить» әлеуметтік ток-шоуында мектеп оқушыларын тегін тамақпен қамту мәселелері бойынша (5 қыркүйек);

«КТК» телеарнасында жаңалықтар сюжетінде қабылдаушы отбасылардың мәселелері бойынша сұхбат (13 қыркүйек);

Каникул кезінде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы Қазақ радиосында сөз сөйлеу (маусым-шілде);

«Хабар» телеарнасында «Бетпе-бет» бағдарламасында Алматы облысының Ақтерек ауылындағы жағымсыз жағдай бойынша (7 қазан);

«Бала отбасыда тәрбиеленуі тиіс» жетекшілік бойынша пилоттық жобаның қорытындысы бойынша Орталық концерт залында брифинг (11 қазан);

Хабар телеарнасында «Білім құқығы» тақырыбында сұхбат (16 қараша);

Хабар телеарнасында балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сұхбат (23 қараша);

КТК телеарнасында операцияға мұқтаж балалар жөнінде сұхбат (27 қараша).

**20) брифингтер:**

«Балаларға қауіпсіз интернет» (14 наурыз);

«Нұрлы болашақ» республикалық акциясы шеңберінде (1 маусым);

«Мектепке жол» республикалық акциясының басталуы (31 шілде)

**21) 12 дөңгелек үстел:**

«Әйелдер мен балалардың құқықтарына қасақана қол сұғылған, бас бостандықтарынан айрылған осал топтағылар үшін әділ сотқа қол жетімділік» (23 мамыр);

«ҚР кәсіпкерлікті жауапкершілікпен басқарудың тәжірибесі мен саясатын дамытуға ықпал ету» (26 мамыр);

«Әйелдер мен балалардың құқықтарына қасақана қол сұғылған, бас бостандықтарынан айрылған осал топтағылар үшін әділ сотқа қол жетімділік» (1 маусым);

«Балалар туралы мәліметтер, балаларға арналған мәліметтер» (2 маусым);

«Нельсона Манделы халықаралық күні» (18 шілде);

Әмбебап мерзімдік шолу шеңберінде адам құқықтары жөніндегі БҰҰ кеңесінің ұсынымдарын ҚР-да орындау бойынша ҮЕҰ аралық баяндамаларын ұсыну бойынша (27 қыркүйек);

«Қазақстандағы балалы отбасыларға арналған арнайы әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік көмекке қолжетімділікпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша» (5 қазан);

«Қазақстан Республикасында контрацепті заттар мен қызметтерге, ақпараттарға жастардың қолжетімділігі» (11 қазан);

«Отбасы құндылықтары және қоғамдық жаңғыру» (31 қазан);

«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау саласында жергілікті полиция қызметкерлерінің құқық қолдану актілері мен заңнамалары» (30 қараша).

## **V. Ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары:**

«2017 жылғы ҚР-да балалардың жағдайы туралы» баяндама шығарылды және ҚР Президентінің әкімшілігіне жолданды;

«Қазақстан балалары» ғылыми-тәжірибелік журналының 4-ші нөмірі шықты;

«ҚР-да балалардың құқықтарының қорғалу деңгейі» әдістемелік құралы, «ҚР-да балалардың құқықтарын қорғау», «2017 жылға арналған ҚР-да балалардың құқықтарын қорғау саласындағы негізгі көрсеткіштер» брошюрасы шығарылды.

«Основные формы семейного устройства детей», «Приемная семья», «Правила формирования безопасного поведения у детей» атты видеороликтер шығарылды, «Казахстан-страна без сирот», «Ответственность родителей за жизнь и здоровье детей», «Счастлив тот, кто счастлив дома» атты видео сабақтар шығарылды.

2007 жылы желтоқсаннан бастап Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің ресми сайты [www.bala-kkk.kz](http://www.bala-kkk.kz) жұмыс жасайды.

Комитеттің ресми сайтында 14 негізгі айдар жұмыс жасайды, 30 қосымша айдар және 9 пайдалы сілтеме бар, олар үнемі жаңартылып отырады.

2017 жылдың қорытындысы бойынша веб-сайтқа **187 340-тан** аса интернет желісін қолданушылар кірген.

Комитеттің жұмыстары орналастырылған әлеуметтік желілерде ресми аккаунттар құрылып, жұмыс жасайды (371).

«Төрағаның блогына» келіп түскен өтініштерді орналастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ағымдағы жылы төрағаның блогына 188 азаматтардың өтініштері келіп түсті, олардың 167-не түсіндірме берілді, 21-і бүгінде қарастырылуда (2016 жылы-336).

Комитеттің сайтына 50 елден астам елдердің интернет қолданушылар қарайды. Орта есеппен айына 8000-дай қолданушылар қарайды.

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін БАҚ құралдарында балалар туралы негативтік мақалаларға мониторинг жүргізілді. Олардың саны бүгінде 508-ді құрады, әрбір басылып шыққан материал бойынша жергілікті атқарушы органдармен жұмыстар жүргізіліп, қажетті шаралар қабылданған.

**БАҚ-та балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша 3 598 ақпараттар жарияланған.** Олардың ішінде республикалық телеарналарда – 1021 сюжет, республикалық баспа беттерінде – 723 мақала, интернет-ресурстарында – 964 басылым, өңірлік БАҚ-та – 890 материал (477 сюжет, 413 мақала).

Комитеттегі жалпы құжат айналым **9538** бірлікті құрайды (2016ж.-7228), оның ішінде кіріс құжаттар – 6856 бірлік (2016ж.-6771), шығыс құжаттар – 2682 бірлік (2016ж.- 457). 6856 кіріс құжаттарының санынан ҚР Президенті Әкімшілігінен-42 (2016ж.-15), Премьер-Министрінің кеңсесінен-82 (2016ж.-73), Парламенті Мәжілісінен-38 (2016ж.-41), жеке және заңды тұлғалардың өтініштері – 291 бірлік (2016ж.-191). Сенім телефонына келіп түскен 1500 өтінішке түсіндірмелер беріліп, қажетті шаралар қолданылды. (оның ішінде БҚҚК-800).

#### **VI. 2017 жылғы қол жеткізілген жетістіктер:**

**1.** Республиканың 11 өңірінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын сақтау, балалардың мектепке баруы, мектептік тамақтандыру және тасымал мәселелері бойынша **146** білім беру органдары мен ұйымдарының қызметіне тексеру жүргізілді.

Тексерудің нәтижесінде анықталған бұзушылықтарға қатысты шаралар қолдану үшін аталған облыстарға, яғни жергілікті атқарушы органдарға анықтама жіберілді.

Ағымдағы жылдың 29 желтоқсандағы жағдай бойынша 8 өңірде қамқоршылық және қорғаншылық бөлімінің мамандарына қатысты тәртіптік жазалар қолданылды: **1-адам жұмыстан босатылды, 1-адамға қатаң сөгіс, 7-адамға сөгіс, 12-адамға ескерту жарияланды,** білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне қатысты: **1-адам жұмыстан босатылды, 1-адам атқарып отырған қызметіне лайық емес, 2-адамға сөгіс, 5-адамға ескерту жарияланды.**

Республиканың 3-өңірінде (*Атырау, Жамбыл облыстары мен Алматы қаласы*) әкімшілік құқық бұзушылық туралы 7 хаттама құрылды және 3 маман 30 АЕК мөлшерінде, 4 маман 30 АЕК 70% мөлшерінде әкімшілік жазаға тартылды.

**2.** Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар желісі 2 бірлікке қысқартылды (2016ж.-140 бірлік, 2017 ж.-138 бірлік).

**3.** Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттық ұйымдардағы тәрбиеленушілер саны 1013 балаға азайды (2016 ж.- 7236, 2017 ж.- 6223).

**4.** Жетім балаларды өз отбасыларына қабылдауға тілек білдірген қазақстандық азаматтардың саны көбейді. 2017 жылдың қорытындысы бойынша **1561 (21,6%)** жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала асырауға (в 2016 ж.-1726 (21%), берілді, оның ішінде қамқоршылық және қорғаншылыққа (**325**), патронаттық тәрбиеге (**293**), қабылдау отбасына (**100**), асырап алуға (**168**) бала берілді, оның ішінде

халықаралық асырап алуға -13, отбасы үлгісіндегі балалар үйіне **(45)** бала берілді. Туған отбасына қайтарылғандар саны - **630**.

*Республикада 27 274 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала бар, қамқоршылықтағылар-18 941, патронаттық тәрбиедегілер-1 900 (қабылдаушы отбасыларда - 92), отбасы базасындағы балалар үйіндегілер-118, ұйымдарда-6 223.*

**5.** Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алған жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны екі есеге азайды (2006-2013 жылдар аралығында-1441, 2014 жылы-951, 2015 жылы-1169, 2016 жылы-1486, оның ішінде балалар үйінің тәрбиеленушілеріне-620).

**6.** Ыстық тамақпен қамтамасыз етілген мектептердің саны өсті. 6098 **(88,5%)** (2016 ж. – 6071 **(86,9%)**) мектепте 94,3% (2 516 212) балаға ұйымдастырылды. 2017 жылы ыстық тамақпен 442 263 (17, 6%) бала қамтылды, оның ішінде аз қамтылған отбасылардан шыққан 189 455 (100%) балаға ыстық тамақ ұйымдастырылды(2016ж. – 255 023 (100%).

**7.** Білім беру ұйымдары жоқ **1636** елді мекенде оқушыларды мектепке және мектептен үйге жеткізу **26 063** (97,5%) оқушыларға ұйымдастырылды (2016ж.-22 278 (97,7%). Автотранспортқа деген қажеттілік **159 бірлікті** құрайды. Ақтөбе, Қостанай, ОҚО облыстарында 679 оқушы мектепке және мектептен үйлеріне жеткізумен қамтамасыз етілмеген.

**8. 2 млн. 492 мың, немесе 92,4%** бала сауықтырумен қамтылған (2016ж. – 2 млн. 220 мың, немесе 86,7%). **2 млн. 278 мыңға жуық немесе 84,4%** бала әртүрлі жұмыстармен қамтылды (2016 ж. – 2 млн. 084 мың немесе 81,4%).

**9. «Қамқоршылық» және «Мектепке жол»** акциялары шеңберінде 516 мың балаға 3,5 млрд. теңге сомасында көмек берілді (371 723 балаға 2,1 млрд.теңге сомасында демеушілік көмек көрсетілді).

**10.** ҚР-да балалардың құқықтық сауаттылығы деңгейі көтерілді - 73,9% (2016ж.-69,8%).

### **11. Бюджеттік жоспарлау**

Төлем жөніндегі қаржыландыруды жоспарлау кезінде 2017 жылы сома **460 753,0** мың теңгені құрады, игеру - **100%**.

51 келісім-шарт жасалды, оның ішінде конкурстық тәсілмен (ашық конкурс) - 3, бағалы ұсыныстар сұранысы тәсілімен - 4, бір көзден - 41, банк келісім-шарты арқылы - 2, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде - 1.

Мемлекеттік сатып алу жоспарында көзделген (жоспардың 74-тармағы) жоспарланған мемлекеттік сатып алуға өткізілген мемлекеттік сатып алу саны Комитет бойынша 100%-ды құрайды.

## **Өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары**

### **Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу**

Денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және әлеуметтік қорғау ұйымдарындағы 6 мыңнан жоғары жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың санынан 80%-дан астамы ата-аналары тірі бола тұра әлеуметтік жетім болып табылады.

### **Шешу жолдары:**

- балалар үйінің тәрбиеленушілері санын азайту үшін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасыға орналастыру басымдықтарын қамтамасыз ету;
- отбасы мен балаларды қолдау орталықтарына интернаттық ұйымдарды трансформациялау;
- қабылдаушы ата-аналар мектебі мен отбасын қолдау орталықтарының қызметі желілерін дамыту;
- қазақстандық отбасыларға жетім балаларды орналастыру мәселелері бойынша позитивті қоғамдық пікірді қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік жарнамаларды жетілдіру.

### ***Балалар үйінің тәрбиеленушілерін тұрғын үй алу құқығымен қамтамасыз ету***

Шұғыл аралықта шешілетін мәселелер жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарында әлеуметтендіру саласы болып табылады.

Тұрғын үй алу кезегінде **23 489** бала бар. 2017 жылы **654** бала тұрғын-үй алды, 2016 жылы **1486** бала болған.

### **Шешу жолдары:**

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының орындалуын бақылау;
- жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілерін жұмысқа орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспарды енгізу бойынша жергілікті атқарушы органдарының Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауын қадағалау;
- өңірлерде «Өмірді және мансапты жоспарлау» жобасын іске асыру арқылы балалар үйінің тәрбиеленушілерін бастамашыл еңбекке, өз бетінше өмір сүруге бейімдеудің тиімді жүйелерін құру.

### ***Отбасыдағы балалардың амандығы деңгейі алаңдатушылық тудыратын, өмірдің қиын жағдайына тап болған балаларды қорғаудың ықпалды механизмінің жоқтығы***

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2017 жылғы 9 ай жағдайы бойынша қылмыстық тексеру органдарының тарапынан кәмелетке толмағандарға қатысты **1568** қылмыс тіркелген (2016 жылғы 9 ай бойынша-**1997**). Жалпы аталған мезгілде кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар 21,5%-ға қысқарған. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрбандары 2017 жылғы 9 ай

бойынша **1655** кәмелетке толмағандар болды (2016 жылы 9 ай бойынша 2013 бала), зардап шеккен адамдардың саны **17,8%**-ға қысқарған.

Бүгінгі таңда республикада **11 788** мыңнан астам қолайсыз отбасылар бар, онда **17 045** бала тәрбиеленуде. Балалары бар ерлі-зайыптылардың ажырасуға өтініш бергендерінің саны 2016 жылғы 9 ай жағдайынан **48083**-тен 9%-ға өскен: осыған ұқсас мерзімде 2017 жылы **52 152**. Әрбір жазылған өтініш қанағаттандырылуда, қанағаттандырылған талаптардың үлесі соңғы үш жыл бойы орта деңгейде **51%**.

#### **Шешу жолдары:**

- зорлық-зомбылық пен адам саудасының құрбандары болған кәмелетке толмағандарға көмек көрсету бойынша тиімді ведомствоаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету;
- заңмен шиеленіске түскен балаларға арналған крезистік орталықтардың жергілікті атқарушы органдар тарапынан қолдау және жетілдіру;
- отбасылық, адамгершілік-рухани құндылықтарды нығайту, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін жою үшін отбасы институттарының әлеуетін көтеру, оның ішінде әлеуметтік жетімдік бойынша жергілікті атқарушы органдармен бірлескен жұмысты күшейту;
- БАҚ-та кең көлемді ақпараттық-түсіндірме компанияларды ұйымдастыру, балалар мен жастардың бағдарламалары мен хабарын алға жылжыту үшін ақпараттық кеңістікте көбейту.

## **VII. 2018 жылға арналған НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР:**

### **3. НҚА іске асыру.**

1. «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

2. «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық кесімдерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 18 шілдедегі № 583 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы».

3. «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

4. «Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтері мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы шеңберінде НҚА әзірлеу.

### **Әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру:**

ҚР Үкіметі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы;

«Балаға мейірімді Қазақстан» республикалық форум-фестивалі;

«Нұрлы Болашақ» республикалық акция;

Бүкіл әлемдік балалар күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» декадасы;

Балалар маслихатының көшбасшысы слеты;

«Зорлық-зомбылықтың алдын алу және жедел әрекет ету» үлгілік бағдарламасын іске асыру;

Кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу бойынша жобаларды енгізу;

«Қамқорлық», «Мектепке жол», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Түнгі қаладағы балалар», «Алғыс айту күні» акциялары;

Әдістемелік, ақпараттық материалдарды шығару («ҚР-да балалардың жағдайы туралы» баяндама, «Қазақстан балалары» журналы);

Жетім балалар мен ата-анасынң қамқорлығынсыз қалған балаларды, сондай-ақ EGOV базасынан балаларды өз отбасыларына қабылдауға тілек білдірген азаматтарды республикалық база деректеріне енгізу.

### **2017 жылға арналған НҚА тізімдері:**

#### **ҚР БҒМ бұйрықтары (12):**

1. «Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа) берілген балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету» ең төмен әлеуметтік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 557 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 6 наурызда № 14869 болып тіркелді.*

2. «Орта білім беру ұйымдарында оқитындарды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР 31 желтоқсандағы № 717 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 30 наурызда № 14956 болып тіркелді.*

3. «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым

министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 30 наурызда № 14959 болып тіркелді.*

4. «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 5 сәуірдегі № 14979 болып тіркелді.*

5. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жауапты хатшысының міндетін атқарушының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 132-к бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.

Мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

6. «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 5 шілдедегі № 361 бұйрығы.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 15 маусымдағы № 15222 болып тіркелді.*

7. «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 23 маусымдағы № 15258 болып тіркелді.*

8. «Мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін оларды есепке алуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы №33 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 18 тамызда № 15514 болып тіркелді.*

9. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді.*

10. «Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 412 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.



*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 4 тамызда №15436 болып тіркелді.*

11. «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» «Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 3 тамызда №15425 болып тіркелді.*

12. «Патронаттық тәрбие туралы ережені бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 14 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 11 желтоқсанда №16086 болып тіркелді.*